Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша)» тақырыбындағы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Бүгінгі таңда антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің жандануына байланысты тілдік тұлға мәселесіне ерекше көңіл бөліне бастады. Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша)» атты диссертациялық жұмысы Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын танытуға арналған. А.Кембаеваның бұл тақырыпты зерттеу нысаны ретінде алуы бекер емес. Ол 2011 жылдан бастап Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығын басқарып келеді. Орталықта Шерхан Мұртазаның мұрасын жинақтап, кітап етіп басылып шығуына мұрындық болдған, жазушының идиостилі, шығармаларының тілдік ерекшелігі туралы 30-ға жуық мақала жариялаған. Жазушының көзі тірісінде жақын араласып, шығармашылық лабораториясымен етене таныс болған. Шерхан Мұртазаның шығармашылығына арналған 20-дан астам диплом жұмыстары мен магистрлік диссертациялардың қорғалуына ат салысқан. Жастар арасында ұлттық рух пен әдебиетке деген қызығушылықты арттыру мақсатында жыл сайын «Шерхан Мұртаза оқулары» атты республикалық байқауды ұйымдастырып, жазушының шығармашылығын насихаттап келеді. Яғни тақырып А.Кембаеваға етене жақын әрі шерхантану мәселесімен докторантураға түскеннен бұрын айналысып, көп томдық шығармаларын дайындап, баспадан шығарған. Кембаева Айнұр жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтын, тиянақты, ұқыпты, теориялық білімі терең, тақырыбын толық меңгерген жан ретінде танылды.

Жұмыс 3 тараудан тұрады. «Тілдік тұлға және ұлттық мәдениет: теориялық негіздері» атты 1-тарауда «тілдік тұлға» феномені когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан сипатталып, тілдік тұлғаның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі ретінде дискурстың ерекшеліктері, Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар туралы сөз болады. «Ш.Мұртаза тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық және когнитивтік аспектісі» атты 2-тарауда Ш.Мұртазаның тілдік кеңістігі мен дискурс қабаттары, ұлттық-мәдени концептосфера, Ш.Мұртазаның идиостилі нақты дәйектермен талданады. «Ш.Мұртаза дискурсының лингвофилософиялық және прагматикалық қырлары» атты 3-тарауда Ш.Мұртазаның публицистикалық дискурсында лингвопрагмемалар мен тілдік стратегиялар, аксиологиялық жүйе және ұлттық құндылықтарын сөз ете келіп, Ш.Мұртаза идиологемаларындағы азаматтық ұстаным мен дүниетанымдық бағдар туралы сөз болады. Жұмыста Ш.Мұртазаның тілдік тұлғасы алғаш рет арнайы сөз болып отыр. Ш.Мұртаза дискурсының ерекшелігі, сөз зергерінің қазақ әдеби тіліне қосқан үлесі

сарапталған. Сөз зергерінің шығармаларын лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу негізінде тілдік тұлғаның шығармаларындағы ғалам бейнесі, негізгі концептілер айқындалып, когнитивтік модельдері талданған.

Жұмыста Ш.Мұртазаның әртүрлі дискурстарда (көркем, публицистикалық, саяси, философиялық, діни және т.б.) әр қырынан танылатын, көпқырлы рөлдік, коммуникативтік және когнитивтік функцияларды орындайтын тілдік тұлға ретінде қарастырылып, көп дискурсты тілдік тұлға ретінде сипатталады. Бұл орайда шет елдік ғалымдар мен отандық зерттеушілердің ұстанымдары басшылыққа алынды. Бүгінгі таңда қазақ сөз зергерлерін көп дискурсты тілдік тұлға ретінде қарастыратын еңбектер де бар. Бұл орайда Ысқақова Құралайдың «Әбіш Кекілбаевтың көп дискурстық тілдік тұлғасы» атты диссертациясын атауға болады. Шерхан Мұртазаның бірнеше дискурста қатар еңбек еткенін, қаламгер ғана емес, қайраткер ретіндегі тұлғасын таныту мақсатында сөз зергерінің тілдік тұлғасы көп дискурс аясында қарастырылды. Жұмыста Шерхан Мұртаза шығармаларының сөз бедері, сөздерді талғап, таңдап қолданудағы діттемі, адресат, адресант позициясын ескеруі, ойды жеткізудегі стратегиялары мен тактикалары, сөз ықпалын күшейту үшін қолданған тіл бірліктері, көріктеу құралдары талданды. Соның негізінде Шерхан Мұртаза ұлттық тілдің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін толық меңгерген, оларды орынды қолданатын, лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің семантикасын жан-жақты түсініп, орнымен қолдана алатын, коммуникативті стратегиялар мен тактикаларды, вербалды, бейвербалды коммуникация талаптарын толыққанды меңгерген, ұлттық тіл мен мәдениет концептосферасын құрайтын концептілердің ұғымдық, бейнелі-ассоциативтік, құндылық сипатын білетін, қазақ әдеби тілінің дамуына өзіндік үлес қосқан тілдік тұлға ретінде сипатталды.

Ғылыми жетекші, филология ғыл. докторы,
қауымдастырылған профессор О.Жұбай